

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2019 жылғы 3 желтоқсан

Зейнетақы калькуляторының жаңа мүмкіндіктері

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының мамандары Қор сайтындағы ең танымал сервистердің бірін жаңартты. Болжамды зейнетақы калькуляторы БЖЗК-ның әрбір салымшысына өзінің болашақ зейнетақы төлемдерінің мөлшерін анықтауға көмектеседі. Бұл ретте ол мемлекеттік базалық зейнетақы мен жасына байланысты ортақ зейнетақыны және БЖЗК төлемдерін қатар көрсетеді. Одан басқа міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша ашылған шоттардағы қаражатты қосып, жалпы сомасын шығарады.

Есептеу қорытындысы үш сценарий: пессимистік, реалистік және оптимистік сценарий бойынша шығарылады. Бұл ретте болжалды инфляция деңгейі мен табыстылық есепке алынады.

Атап өту керек, калькулятордың жаңа нұсқасына МКЗЖ мен ЕЗЖ бойынша төлемдер қосылды. Бұрын олар жоқ болатын. Бұл ретте ерікті зейнетақы жарналарын табыстың белгілі бір пайызы ретінде емес, нақты сомасы бойынша көрсетуге болады.

Зейнетақының болжамды мөлшерін есептеу үшін тиісті бағандарға туған күнді, жынысты, еңбек өтілін, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу уақытын, зейнетақы жинақтарының жалпы сомасын және жалақыны енгізсеңіз болғаны.

Егер Сіз зейнетақы калькуляторын Қордың enpf.kz сайтының Жеке кабинеті арқылы ашатын болсаңыз, жинақтардың сомасы автоматты түрде енгізіледі.

Қор мамандары калькуляторды анағұрлым ыңғайлы ете отырып, көрнекі сызбасын жаңартты. Енді жаңартылған зейнетақы калькуляторындағы қорытынды нәтижелер көрнекі сызба мен төлемдер кестесінің көмегімен көрсетіледі. Барлық болжамды нәтижелер тиісті кезеңдегі инфляцияны шегере отырып, нақты құндық шамада көрсетіледі.

Зейнетақы калькуляторын пайдалану өте оңай. Алайда егер қандай да бір қиындықтар немесе сұрақтар туындаса, enpf.kz сайтында арнайы жадынамамен танысуға болады. Онда калькуляторды пайдаланудың нақты нұсқаулығы көрсетілген.

***БЖЗК** 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).*